

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1084 қаулысы.
Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.31. N 222 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.03. N 824 Қаулысымен)

2) "Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 117 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспарында:
реттік нөмірлері 28-1, 33-жолдар алынып тасталсын;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысына :
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында :

"6. Әлеуметтік саясат" деген бөлімде:

"6.5. Мәдениет" деген кіші бөлімдегі реттік нөмірлері 6.5.1., 6.5.7-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі